


М.Өтемісов атындағы Қазақстан университетінің
«Тарих экономика және құқық» факультетінің
6В01601 «Тарих» 3-курс студенті Онгарбаева
Әселдің академиялық ұтқырлық бойынша

ЕСЕБІ

Мен, Онгарбаева Әсел Асанқызы 20.01-29.05.2023 жыл аралығында Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінде білім алдым. Ең алғаш оқу күнінде университет деканаты Озгамбаева Райхан Умирзаковамен таныстым, оқу барысына өз тілегін тіледі Менің тобым Ист 20-1 кураторым ретінде Өтесова Гүлнар Екпінқызы тағайындалды. Гүлнар Екпінқызы университет корпусымен, ішкі білім беру жүйесімен және кітапханамен таныстырды. Мен бекітілген жеке оқу бағдарламасына сәйкес «Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихы» «Мұражайтану» «Теориялық деректану» пәндері бойынша білім алдым. Қашықтан оқыту бойынша «Қазақстан тарихының тарихнамасы» «Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы» пәндерінен білім алдым. Оқу кезеңінде барынша сабақтарға белсене қатысып, тапсырмаларды уақытылы орындап жүрдім. Сүйікті пәнім «Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихы» болды. Осы сабақта үнемі жаңа тақырыптарды әр түрлі әдіс тапсырмалармен өттік. «Мұражайтану» пәнінен мұражайларда сабақ өттік, мұражай қорларының жасақталуы, ұйымдастырулары мен экспозиция залдарының құрылуымен таныстық. «Теориялық деректану» пәнінен топ - топ болып әр сабақ кезеңінде жаңа сабақ өткізу әдіс тәсілдерін қолданып сабақ өттік. Сабақ барысында осы пәндер бойынша мұғалімдерімізден мол мағұлматтар алдық. Сабақтан тыста сабақ барысында топ студенттерімен жақсы қарым-қатынаста болдық. Сабақтан тыс іс шараларға, конференцияларға қатыстым атап айтар болсам «Қазақ» газетіне 110 жыл атты және Алаштанушы, ҚР үкіметінің «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты Елдос Тоқтарбаймен кездесіп, Алаш зиялыларының өнегесі, үлгілі өмірі мен кейінгі ұрпаққа тағылымы жайлы мағыналы дәрісін тыңдадық. Академиялық ұтқырлық бағдарламасына алғысым шексіз себебі жаңа орта мен білім беру жүйесінің әртүрлілігімен танысуға мүмкіндік бергеніне рахмет!

Ист-33 топ студенті:



Онгарбаева Әсел